



Созақ аудандық мәслихаты

ШЕШІМ

№35 1 тамыз 2023 ж

Созақ аудандық мәслихатының 2019 жылғы 10 қаңтардағы «Учаскелік сайлау комиссияларын сайлау туралы» №220 шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 10 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Созақ аудандық мәслихатының 2019 жылғы 10 қаңтардағы «Учаскелік сайлау комиссияларын сайлау туралы» №220 шешіміне толықтырулар енгізіліп, ұсынылып отырған құрамы қосымшаға сәйкес сайлансын. (қосымша жалғасады).

2. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Аудандық мәслихат төрағасы **О.Жәмиев**

Созақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы 1 тамыздағы №35 шешіміне қосымша

Учаскелік сайлау комиссияларының құрамы:

№697 сайлау учаскесі бойынша

Орталығы- Жартытөбе ауылдық округі, Бабата елді мекені, А.Сайлаубекұлы көшесі, №5/4 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «М.Мәметова атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Еспаев Жанболат Егизбаевич- Мәдениет үйінің мәдени ұйымдастырушысы, «Нұрлы-Әлем» қоғамдық бірлестігінің өкілі.

№717 сайлау учаскесі бойынша

Орталығы- Тасты ауылдық округі, Тасты елді мекені, Қазақстан көшесі №14 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Абай атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мырзабеков Бағдат Отарбайұлы- Абай атындағы жалпы орта мектебінің директоры, «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Түркістан облысы Созақ аудандық филиалының өкілі.

Акция басталды

Құрметті аудан тұрғындары!

Ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» акциясы жүргізіліп жатқандығын хабарлайды.

Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылы қарсаңында көпбалалы отбасы, тұл жетім, жартылай жетім, қамқоршылық – қорғаншылықтағы оқушылар, аз қамтамасыз етілген отбасы және тағы да басқа санаттағы балаларға мектеп формасы мен қажетті құрал-жабдықтар сыйлау.

Осыған орай, аудан тұрғындарын, кәсіпкерлер мен жәрмеңкеге қатысуға ниет білдірушілерді аталған акцияға

қатысып, демеушілік жасауға шақырады.

Қадірлі ата-аналар!

Жаңа оқу жылы қарсаңында мектеп оқушыларын мектеп формасымен қамтамасыз ету мақсатында «Жақсылық жаса» ұранымен «Мектепке жол» акциясы жүргізілуде.

Осыған орай, ағымдағы жылдың 18 тамыз күні сағат 10:00-ден бастап Созақ ауданы, Шолаққорған ауылындағы Жібек жолы көшесінің бойында мектеп формасы мен оқушыға қажетті құрал-жабдықтарына арналған жәрмеңке өтетінін хабарлайды.

Баршаңызды жәрмеңкеге келуге шақырамыз!

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі.

Қазақстанда көпбалалы және жалғызбасты аналардың мүдделері қорғалады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл Светлана Жақыпованы қабылдады.

Кездесу барысында халықтың тұрмыс сапасын арттыру және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін институттық деңгейде жаңғырту мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Светлана Жақыповаға халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарының құқықтарына кепілдіктер мен олардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Атап айтқанда, Президент көпбалалы аналар, жалғызбасты аналар және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған аналар секілді әле-

уметтік санаттағы топ өкілдерімен проактивті жұмыс істеу, сондай-ақ заңнама аясында олардың құқықтары мен мүдделерінің сақталуына қатаң бақылау жүргізу қажеттігін айтты.

Президент мүгедектігі бар адамдардың мәселесін шешуге айрықша назар аударып, осы санатқа жататын отандастарымыздың тұрмыс сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін заңнамалық және институттық базаны жетілдіруге қатысты ұсыныстар әзірлеуді тапсырды.

Кездесу соңында Президент ұсынылған тәсілдерді тиімді жүзеге асыру үшін Уәкілдің мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуі маңызды екенін атап өтті.

Тоғыз банк таратылады

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі әлеуметтік желілер мен БАҚ-та таратылып жатқан елімізде жұмыс істеп тұрған 9 банкті тарату туралы ақпараттың шындыққа сәйкес келмейтінін хабарлады. Қазіргі уақытта елімізде екінші деңгейдегі 21 банк жұмыс істеп жатыр. Бұдан басқа, яғни аталған екінші деңгейдегі тағы 9 банк – 2007 жылдан бері тарату үдерісінде.

Агенттіктің хабарлауына, тарату процесінде тұрған аталған 9 банктің лицензиялары 2007 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде кері қайтарып алынды. Атап айтқанда, бұлар – Валют-транзит банк (тарату – 2007 жылғы 1 наурыздан бастап); Қазинвестбанк (2018 жылғы 24 қаңтардан бастап); Delta Bank (2018 жылғы 25 сәуірден бастап); Qazaq Bankі (2018 жылғы 12 желтоқсаннан бастап); Астана Банкі (2019 жылғы 9 қаңтардан бастап); Эксимбанк Қазақстан (2019 жылғы 16 қаңтардан бастап); Tengri Bank (2021 жылғы 15 ақпаннан бастап); AsiaCredit Bank (2021 жылғы 22 шілденден бастап); CapitalBank Kazakhstan (2021 жылғы 5 қазаннан бастап).

«Таратылатын банктердің тарату өндірісінің барысы туралы ақпарат тоқсан сайын агенттіктің ресми сайтында «Қаржы нарықтары – Банк секторы – Тарату үдерісі – Тарату процесінің ағымдағы мәртебесі туралы ақпарат» бөлімінде орналастырылады. Биыл 1 шілдедегі жағдай бой-



ынша таратылатын банктер бойынша өзекті ақпарат сайтта 14 шілдеде орналастырылды. Осыған байланысты тарату үдерісі жұмыс істеп тұрған 21 екінші деңгейдегі банкке қатысты емес, лицензиялары 2007-2021 жылдары қайтарып алынған басқа 9 банкке қатысты жүргізіледі. Жұмыс істеп тұрған 21 екінші деңгейдегі банктен лицензияларды кері қайтарып алу жоспарланып отырған жоқ, делінген ресми мәлімдемеде.

Қазіргі уақытта елімізде банк секторында 21 екінші деңгейдегі банк бар, оның ішінде 12 банк шетелдің қатысуымен, оның 8-і – еншілес банк.

Бүгінгі таңда банк секторы тұрақты, банктер барлық пруденциялық нормативтерді орындауда. Банк секторының активтері 46,6 трлн теңгені құрайды. Екінші деңгейдегі банктерде 13,7 трлн теңгені немесе жиынтық активтердің 29,4%-ын құрайтын өтімділігі

жоғары активтердің елеулі қоры бар. Бос өтімділіктің болуы банктерге өз міндеттемелерін толық көлемде орындауға мүмкіндік береді.

Банк секторының меншікті капиталы – 5,7 трлн теңге. Қаржы институттарының негізгі капиталының жеткіліктілік коэффициенті (к1) 18,6%-ды, меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициенті (к2) 21,4%-ды құрады, бұл заңнамада белгіленген нормативтерден (min. тиісінше 5,5% және 8%) айтарлықтай асып кетеді және банк секторындағы ықтимал тәуекелдерді өтеуді қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар кредит портфелінің сапасы тұрақты болып қалып отыр. Жұмыс істемейтін NPL қарыздардың үлесі несие портфелінің 3,6%-ын құрады. Жұмыс істемейтін кредиттерді провизиялармен өтеу жоғары деңгейде қалып, 77,4%-ды құрайды.

«Созақ үні»-ақпарат.

ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БОЙЫНША ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА



Ауданымзда жастар саясатын жүзеге асырып, еңбекке, кәсіпкерлікке, білім мен ғылымға бейім жас азаматтарымызды қолдау мақсатында Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен мемлекеттік бағдарламалар бойынша үгіт-насихат жұмыстары жалғасуда.

Барлық ауыл, кент округтерде базарларды, көшелер мен аулаларды, тіпті үй-үйді аралап, мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан ұтымды жобалардың қыр-сырын бұқаралық тілде түсіндіріп, ақпарат жеткізуде.

Түсіндіру жұмыстары кезінде «Алғашқы жұмыс орны», «Жастар практикасы», «Қоғамдық жұмыс», «Әлеуметтік жұмыс орны», «Бастау Биз-

нес», «Дипломмен – ауылға» сынды мемлекеттік бағдарламалар мен қоса 2,5 пайыздық жеңілдетілген несиелер туралы барлық мәліметтер жеткізіліп, жадынама парақтары таратылуда.

Айта кетейік, мемлекеттік бағдарламалар бойынша кездесулер мен насихаттау жұмыстары жылдың соңына дейін жалғаспақ.

«ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНДА» БОЛДЫ

Аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды «Жастар орталығы» ғимаратында болып, ондағы ұжым жұмысымен танысты. Орталықтың бүгінге дейінгі жеткен жетістіктеріне тоқталып, «Жастар орталығы» ескін ұрпақты тәрбиелейтін орын екендігін айтып өтті.

«Жастар ресурстық орталығы» КММ басшысы Олжас Төлепбергәлі өткен жыл мен ағымдағы жылдың бірінші жарты жылдығында атқарылған жұмыстарды баяндады. Со-



нымен қатар, аудан жастарына «2021-2025» жылдары кәсіпкерлерді қолдауға арналған Ұлттық жоба аясында жеңілдетілген шағын 2.5% бен 5.000.000 теңгеге дейінгі несиелер бойынша атқарылып жатқан шараларға тоқталып өтті.

Аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Болатұлы орталық басшысына аталған несиелер бойынша аудан жастарына түсіндіру жұмыстарын жан-жақты жүргізіп, бұл бағыт бойынша тиісті шараларды тұрақты түрде жүргізуді тапсырды.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.



АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНАНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды «Мыңжылқы» мәдениет үйінде болып, онда аудандық орталық кітапхананың қазіргі атқарылып жатқан жұмыстарымен танысып шықты.

Ақпараттық библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі, Балалар кітапханасы, Бірыңғай қорларды ұйымдастыру және пайдалану бөлімі, Оқырмандарға қызмет көрсету, Кітапхана-

ны дамыту мен Құжаттарды өңдеу және жинақтау бөлімдеріне жеке дара тоқталып, заман талабына сай оқырмандарға қызмет көрсету ісінің озық жетістіктерімен танысты. Кітапхана қызметкерлерімен тілдесіп, «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ –нің директоры Эльмира Бейсеулова алда атқарылар ауқымды жоспарларымен бөлісті. Сондай-ақ қазіргі

таңда техникалық жабдықтардың жетіспеушілігін айтып, мәселенің шешу жолын қарастып беруін жеткізді.

Аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Болатұлы онда айтылған ұсыныс-пікірлерді толықтай назарға алып, мәселені ұзаққа созбай, шешу жолын қарастыратынын айтты.

Айта кетейік, Созақ аудандық орталықтандырылған

кітапханалар жүйесінде 23 кітапхана: 1 орталық, 1 балалар және 21 ауылдық кітапхана бар. 53 қызметкер еңбек етеді. Биылғы жылдың бірінші жарты жылдығындағы оқырмандар саны – 12759 болса, келушілер саны – 127516-ға жетіп отыр. Жалпы кітап қоры - 432232, қазақ тілінде – 303277-ні құрайды.

«ДАРА АБАЙ-ДАНА АБАЙ» АТТЫ ӘДЕБИ КЕШ ӨТТІ



Созақ аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер Абай Құнанбайұлына арналған «Дара Абай – дана Абай» тақырыбында әдеби кеш өтті. Тағылымды шараның мақсаты Абай шығармашылығын жас ұрпаққа кеңінен насихаттап, Абайдың жұмбақ әлемінің тылсым сырларына үңілту. Шараға жиналған оқырмандар мен қонақтар алдымен Абай Құнанбайұлының

шығармашылығына арналған «Ұлы халықтың – ұлы Абайы» атты кітап көрмесі мен танысып, «Абайдың балалық және жастық шағы» атты видеороликті тамашалады.

Сондай-ақ Абай өлеңдері мен қара сөздерін мәнерлеп оқып, «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы» атты әндері орындалды.

Әдеби сұрақтар мен тоғызқұмалақ ойыны ұйымдастырып, қатысушыларға Абай күніне арналып жасалған күнтізбелік табысталды.

«ЖАЗ ҚЫЗЫҒЫ БІЗБЕНЕН»

Созақ модельді ауылдық кітапханасында «Жазғы оқу» бағдарламасы аясында балаларды кітап оқуға көбірек баулу, және осы арқылы баланың ой - өрісін кеңейтуге, ойлау мен сөйлеу қабілетін дамытуға танымдық және дамытушылық қызметін анықтауға жол ашу мақсатында «Айдын» балабақшасы бүлдіршіндерімен «Жаз қызығы бізбенен» атты кітапханаға саяхат ұйымдастырылды. Кітапханашылар Г.Балтабаева және Э.Жумадилова кітапханадағы кітап көрмелерін аралатып, балаларға арналған кітаптар және журналдармен таныс-



тырды. Балаларды кітап оқуға және кітапхана оқырманы болуға шақырды. Жас бүлдіршіндермен дауыстап

оқулар ұйымдастырылды. Балаларға естелікке қаламсаптар табысталды.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Бүгінде жер жүзінде геосаясаттың дүлей дауылы соғып тұр. Сондықтан мемлекетіміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығын және ұлттық мүддемізді қорғауды көздейтін стратегиялық бағдардан айнымауымыз керек. Негізгі міндет – осы! Біз ең басты құндылығымыз – Тәуелсіздігімізді сақтап, ұлттық бірегейлігіміздің негізін нығайтып, елімізді жаңғырту жолында ұйысуға тиіспіз. Бұл – болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті борышымыз» деген еді. Балаларын «Отан алдындағы азаматтық борышың!» деп аман сау шығарып салып артынан суық хабар келіп, шаңырақтарына ортасына түскен отбасылар аз емес. Бірақ Отанды қорғау бәрібір ер азаматтың иығына артылған ауыр жүк. Ол жүктен ешқашан бас тарта алмаймыз. Елдігі жоқ, мемлекеттігі жоқ. Бір елден екінші елге табандап орналаса алмай босып жүрген босқындарды көргенде Аллаға мың рет шүкірлік айтамыз.

Бірақ бүгінгі күні біздің отандық әскерге жедел реформаның керек екенін біліп жүрміз. Ел де осы мәселені ұзақ күтуде. Қоғамның барлық саласын цифрландыру – ең алдымен, жұмыстың жеделдігін қамтамасыз етіп, қызмет көрсету сапасын



Әскердегі тың, серпінді бастамалар

арттырса, екінші жағынан адам факторының алдын алады. Нәтижесінде, сыбайлас жемқорлық секілді жайсыз көріністерді болдырмауға септігін тигізеді. Осы орайда уақыт талабына орай қорғаныс саласында да бұл үрдіс қарқынды қолға алынып жатыр. Қорғаныс министрінің орынбасары Дархан Ахмедиевтің айтуынша, «Invisible Government», яғни «Көрінбейтін мемлекет» жобасы шеңберінде министрлік еліміздің Қарулы Күштерімен байланысты барлық қызметті проактивті түрде көрсетіп, іске асыруды қолға алған. Соның бір мысалы – 18 жасқа толған бозбалаларды дәстүрлі фор-

тікелу туралы куәліктерді алу қажетін жояды, – деді ол.

Қорғаныс министрінің орынбасары азаматтарды әскерге шақыру туралы SMS-хабарламаның заңдылығы және әскерге шақыру учаскесіне келу қажеттігі туралы келіп түскен сұрақтарына байланысты хабарлама 1414 қызметі арқылы жүзеге асырылатынын және оның қосымша шара екенін айтады.

Бұған дейін көтеріліп келе жатқан маңызды бастамалардың бірі – мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтарға уақытша несиелік демалыс беру мәселесі. Қорғаныс министрлігінің мәліметінше, биыл әске-

меттегі азаматтарды 100% қамтуға мүмкіндік береді, – деді Қорғаныс министрінің орынбасары Дархан Ахмедиев. Оның айтуынша, бұл алгоритм қазіргі күні даму сатысында.

Министрлік өкілі азаматтарды келісімшарт негізінде әскери қызметке қабылдау бойынша «Jaunger.kz» сервисі сынақтан өтіп жатқанын айтты.

Қызметтегі «ашықтықты» және «қолжетімділікті» қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту үшін әзірленген сервисің артықшылығы – ақпараттық жүйелермен өзара интеграциялық іс-қимылдың арқасында ведомствошілік және ведомствоаралық құжат айналымы автоматтандырылмақ. Сол арқылы мемлекеттік органдардан онлайн режимде шынайы ақпарат алу әскери қызметке кіру мерзімін 3-4 айдан 15-30 күнге дейін қысқартады. Бұл жағдайда адам факторы және оның шешім қабылдауға әсері болмасы анық.

Деректер базасын интеграциялау ел ішінде тұрғылықты жерінің өзгеруіне байланысты әскери комиссариатқа келу қажеттігін жояды. Ведомство өкілінің ақпараты бойынша азаматтарды әскери есептен шығару және қою тіркелген мекен жайы бойынша автоматты түрде жүзеге асырылады.

– Әскерде болмаған азаматтарға әскери билет алу қажеттігі болмайды. Бұл шара сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін айтарлықтай төмендетіп, бюджет қаражатын үнемдейді. Мұндай жаңашылдықтар заң тұрғысынан бекіту сатысында тұр, – деді министрдің орынбасары.

Соңғы уақытта көп көтеріліп жүрген мәселелердің тағы бірі – әскердегі әлімжеттік және суицид жасау жағдайлары. Осында келеңсіз оқиғалардың алдын алу үшін Қарулы Күштерде «Ақсұңқар» әмбебап психодиагностикалық кешені қолданыла бастады. Ол психологиялық тұрақсыздығы, суицидке бейімі болуы мүмкін адамдарды уақтылы анықтауға арналған. Диагностиканың 60-тан астам құралы бар аталған кешен автоматты режимде

психологиялық зерттеу нәтижесін бермек.

– Мерзімді қызмет сарбаздарының күнделікті қызметін жалпы бақылау үшін Қарулы Күштер орындарында



50 мыңға жуық бейнебақылау камерасы орнатылған. Бейне аналитиканың заманауи технологиялары материалдың ауқымды көлемін өңдеуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты министрлік тарапынан бейне аналитика жүйесі енгізіліп жатыр. Бұл құқық бұзушылықтарды, жарғылық емес қатынастарды уақытында тоқтатуға, өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерін болдырмауға мүмкіндік береді. Аталған жүйе камера материалдарын талдайды және жоғарыда айтылғандай, оқиғалар анықталған жағдайда жедел шара қабылданады, – дейді министр орынбасары Дархан Ахмедиев.

Бұдан өзге Қорғаныс министрлігі еgov порталындағы жеке кабинетке ұқсас «әскери қызметшінің кабинеті» модулін әзірледі. Бұл – нақты уақыт режимінде әскери қызметшіге қатысты мәліметтерді көруге, қажетті анықтамалар алуға және баяннаттар беруге мүмкіндік ұсынады. Бұл қызмет түрі қағаз құжат айналымын едәуір қысқартып, артық бюрократиялық рәсімдерді болдырмайды.

Алдағы күндерден үміт көп. Тек елімізді сұқ көздердің алдауы мен арбауынан, арам пиғылдарынан сақтасын! Оттай ыстық отанымызды қорғау басты парызымыз. Сол Отанымыздың асқақ тауы аласармасын, асар биігі асу берсін!

Мақсат ҚАРФАБАЙ.



матта әскерге шақыру тоқтатылып, еліміздің барлық өңірінде шақыру учаскелерінде тіркеу проактивті форматта жүргізілімек. Ел Үкіметі Қорғаныс министрлігінің бұл бастамасын қолдады.

– Келер жылдың 1 қаңтарынан бастап еліміздің барлық өңірінде тіркеу науқанын өткізу проактивті форматта жүзеге асырылатын болады. Енді азаматтарымыз медициналық куәландырудан өту, жеке істерге құжаттар жинау үшін әскери комиссариатқа арнайы келіп жүрмейді. Бұл оқушылардың сабақтан қалмауына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жыл сайын жергілікті атқарушы органдар бөлетін 1 млрд теңгеден астам қаражатты үнемдеп, шақыру учаскелеріне

ри қызметтің беделі мен тартымдылығын арттыру мақсатында Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, мерзімді әскери қызметшілерге банктік қарыздар мен микронесиелер бойынша төлемдерді кейінге қалдыру мәселесі өз шешімін тапқан. Нәтижесінде, мерзімді әскери қызметке шақырылған 2 600-дан астам азаматтың несие бойынша төлемдері кейінге қалдырылды.

– Бұл жоба ұзақ мерзімдік сипатқа ие болғандықтан, алдағы уақытта азаматтың өтінішінсіз проактивті форматта несиелік демалыс беру алгоритмі әзірленді. Бұл несиелік міндеттемелер бойынша төлемдерді кейінге шегеруді неғұрлым жедел ұсынуға және мерзімді әскери қыз-

